

**«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ  
Қоғамдық кеңес  
2024 жылдың «06»  
Қыркүйектегі № 2  
отырыс хаттамасымен  
«Бекітілген»**

**«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ  
Қоғамдық кеңесінің комиссиялары туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1 тарау. Жалпы ережелер**

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің комиссиялары (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) Қоғамдық кеңестің құзыретіне жатқызылған туристік саланың қоғамдық-маңызды мәселелерін зерделеу, сондай – ақ «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) қызметі саласындағы аса маңызды мәселелерді тиімді шешуге жәрдемдесу үшін құрылады.

2. Комиссия өз қызметінде «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 69 бұйрығымен бекітілген Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ережені, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, осы Ережені және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

3. Қоғамдық кеңес комиссияларының негізгі міндеттері:

1) Қоғамдық кеңестің өкілеттіктеріне қатысты мәселелерді жедел қарау;  
2) азаматтарды, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдарды Қоғамның келу және ішкі туризмді дамыту саласындағы міндеттерін іске асыруға тарту;

3) Қоғамдық кеңестің өкілеттіктері шеңберіндегі қызметтің неғұрлым өзекті мәселелері бойынша азаматтардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың тұжырымдамаларын, бағдарламаларын, бастамаларын әзірлеуге және қарауға қатысу;

4) азаматтардың келу және ішкі туризмді дамыту саласындағы ұйымдардың қызметі туралы пікірін талдау және талдау нәтижесінде алынған жалпыланған ақпаратты Қоғамның тиісті басшыларына және қажет болған жағдайда уәкілетті мемлекеттік органдарға жеткізу.

4. Қоғамдық кеңестің комиссиялары өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін құқылы:

1) Егер бұл Қазақстан Республикасы заңнамасының және мемлекеттік, қызметтік және өзге де қорғалатын құпияны қорғау туралы Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына қайшы келмесе, сондай-ақ азаматтардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың құқықтарын бұзбаса,

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Қоғамның қызметі туралы ақпаратты сұратуға және алуға;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Қоғам қызметкерлерінің ақпаратын тыңдауға;

3) Қоғамдық кеңестің төралқасына Қоғам басшылығына келу және ішкі туризмді дамыту саласындағы қызметті жетілдіру жөнінде ұсынымдар жіберу туралы ұсыныстар енгізуге;

4) Қоғамдық кеңестің мүшелері болып табылмайтын тиісті комиссиялардың басшыларымен келісім бойынша – сарапшыларды комиссияның жұмысына тартуға құқылы.

## **2 тарау. Комиссиялар құру, комиссиялардың қызметін ұйымдастыру және жұмыс тәртібі**

5. Қоғамда Қоғамдық кеңестің мынадай бағыттар бойынша комиссиялары құрылады, олардың өкілеттіктері өз құзыреті шегінде мыналарды қамтиды:

5.1. Маркетинг жөніндегі Комиссия:

- 1) маркетинг функциясы, оның ішінде цифрландыру;
- 2) маркетингтік зерттеулер;
- 3) өнім стратегиясы;
- 4) импортты алмастыруды насихаттау;
- 5) басым нарықтар мен коммуникация арналары бойынша халықаралық экспорт;
- б) туризмдегі әлеуметтік жобалар;
- 7) туризмді дамытуда жергілікті бастамаларды танымал ету, дестинациялар туризміндегі жергілікті стартаптарды тануға арналған алаң.

5.2. Менеджмент жөніндегі Комиссия:

- 1) дестинацияның бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі шаралар;
- 2) туристік дестинацияларды дамыту саласындағы статистиканы жинау, өңдеу және талдау;
- 3) менеджментті цифрландыру;
- 4) жобалау кеңселері, жүйелік шаралар және Қоғам қызметінің тиімділігін арттыруға байланысты өзге де мәселелер;
- 5) корпоративтік басқару және КРІ жетістігі.

5.3. Даму жөніндегі Комиссия

- 1) инфрақұрылымды дамыту мәселелерін қарау;
- 2) басым туристік аумақтарға инвестициялар тарту;
- 3) туристификация картасы бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 4) жаңа туристік өнім бойынша ұсыныстар;

5) іс-шаралар мен оқыту арқылы нарыққа қатысушылардың әлеуетін арттыру жөніндегі ұсынымдар.

5.4. Туризм стратегиясы және тұрақты даму жөніндегі Комиссия:

- 1) туристік бағыттарды стратегиялық басқару жөніндегі ұсынымдар;
- 2) тұрғындар үшін аумақтарда өмір сүру сапасын арттыру жөніндегі мәселелерді қарау;
- 3) келушілер арқылы тұрақты туризмді басқаруды жүзеге асыру;
- 4) әділ экономикалық мүмкіндіктерді ілгерілету;
- 5) тарихты, мәдениетті және қоршаған ортаны сақтауға, оның ішінде басқармаға мүдделі стейкхолдерлерді тарту арқылы көмек көрсету.

6. Қоғамдық кеңес комиссиялары Қоғамдық кеңес мүшелерінің еркін қатысуы негізінде қалыптастырылады.

7. Комиссиялардың тізбесі және әрбір комиссия басшысының кандидатурасы Қоғамдық кеңестің жалпы жиналысында ашық дауыс беру арқылы бекітіледі.

8. Қоғамдық кеңес комиссияларының дербес құрамы Қоғамдық кеңестің шешімімен бекітіледі.

9. Қоғамдық кеңестің комиссиялары қажет болған жағдайда отырыстарға жиналады.

10. Отырысты өткізу туралы хабарлама оны өткізгенге дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

11. Қоғамдық кеңес комиссиясының бірінші отырысында комиссия басшысы комиссия жұмысының жоспар-кестесін жасайды, оны комиссия мүшелері осы құрамдағы барлық жұмыс мерзіміне бекітеді. Құжаттың көшірмесін комиссияның әрбір мүшесі, Қоғамдық кеңестің төралқасы және Қоғамдық кеңестің хатшысы алады.

12. Қоғамдық кеңес комиссиясының басшысы құқылы:

- 1) Қоғамдық кеңестің комиссиясын мемлекеттік органдарда, Қоғамның, қоғамдық ұйымдардың отырыстарында ұсынуға;
- 2) Қоғамдық кеңес комиссиясының отырыстарын жүргізуге;
- 3) Қоғамдық кеңес комиссиясы отырыстарының күн тәртібін қалыптастыруға міндетті.

13. Қоғамдық кеңестің шешімімен комиссияның іс қағаздарын жүргізетін комиссия хатшысы айқындалады. Комиссия хатшысы келесі функцияларды орындайды:

- 1) Қоғамдық кеңес комиссияларының қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
- 2) Қоғамдық кеңес комиссияларының қарауына енгізілген мәселелерді талқылау және шешу үшін қажетті жағдайлар жасайды;
- 3) комиссиялардың қызметін Қоғамдық кеңеспен, Қоғаммен, мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен және өзге де тұлғалармен үйлестіруді жүзеге асырады (қажет болған жағдайда).

14. Комиссия шешімдері Комиссия мүшелерінің жай көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады және Комиссия басшысы Мен

комиссия хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Дауыстар тең болған кезде комиссия басшысының дауысы шешуші болып табылады.

15. Қоғамдық кеңес комиссиясының шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

16. Қоғамдық кеңес комиссияларының отырыстары бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бұл Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның мемлекеттік, қызметтік және өзге де қорғалатын құпияны қорғау туралы ішкі құжаттарының талаптарына қайшы келмейтін, сондай-ақ азаматтардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың құқықтарын бұзбайтын шамада ашық болып табылады.

### **3-тарау. Қорытынды ережелер**

17. Қоғамдық кеңес комиссиясының мәселелерін қарау нәтижелері бойынша ұсынымдар қабылданады, олар Заңның 11-бабы 4-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес төралқасының қарауына жіберіледі.

18. Комиссия отырысының хаттамасына қол қойылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде комиссиялардың ұсынымдарын комиссия хатшысы Қоғамдық кеңестің төралқасына электрондық пошта не телекоммуникация құралдары арқылы қағаз немесе электрондық жеткізгіште жібереді.

19. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес құпия болып табылатын ақпаратты қоспағанда, Қоғамдық кеңес комиссиялары қабылдаған шешімдер туралы ақпаратты комиссия отырысы өткен күннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті корпоративтік интернет-ресурстарда одан әрі орналастыру үшін комиссиялардың хатшысы, Қоғамдық кеңестің хатшысына жібереді.

20. Комиссияның қызметі Қоғамдық кеңестің шешімі бойынша тоқтатылады.